

Аккузова Айнур Абдыжалиловнаның «6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін «Антропоэзектік парадигма: көркем мәтіннің коммуникативтік-прагматикалық әлеуеті (Д.Исабеков шығармаларының негізінде)» атты диссертациясына ғылыми жетекшінің

ШҚІРІ

Аккузова Айнур Абдыжалиловнаның «Антропоэзектік парадигма: көркем мәтіннің коммуникативтік-прагматикалық әлеуеті (Д.Исабеков шығармаларының негізінде)» ғылыми-зерттеу жұмысы тілді антропоэзектік тұрғыдан зерттеуде адамның тілге қандай ықпал жасайтыны, тілдің адам санасына, ойлауы мен мәдениетіне тіл тұтынушының қолданыс барысында қалай әсер ететіндігі анықталып, ерекше маңызға ие тілдегі адам мәселесін оның әлемге қатынасы арқылы толық сипаттауға болады. Тілді таным құралы, қарым-қатынас құралы ретіндегі қызметі негізінде дамытатын – жеке адам. Соның ішінде жеке шығармашылық тілдік тұлға тілдік қолданысқа жүйедегі құралдарды икемдеп, басқа мағынада жұмсап, жаңа өң беріп, құбылтуы сөз әлеуетін аша түседі. Күнделікті тәжірибеде оның бағасы айқындалып жатады. Кемшілік ретінде кейбір жеке қолданыстардың көпшіліктен қолдау таппай, тілдік заңдылыққа сәйкес тіл жүйесіне ене алмауы түсінілсе, артықшылығы ретінде тілдің жеке адамдардың шығармашылығы арқылы дамуы.

Тіл, этнос және таным – өзара сабақтас ұғымдар. «Тіл әлемінің» өзіндік табиғатын, даму заңдылықтарын толық та жан-жақты зерттеу барысында іштей жіктеліп, дүниеге келген социоллингвистика, психоллингвистика, статоллингвистика, паралингвистика іспеттес этнолингвистика да – «этнотаным» мен «тілтаным» ғылымдарының ортақ проблемасы шеңберінде тоғысы нәтижесінде пайда болған жаңа сала. Ол – этностың инсандық һәм дүнияуи табиғатын тереңнен танып-білу үшін басқа емес, тек тіл феноменінің өзіне ғана ғажайып мүмкіншіліктері мен қазына байлығын зерделеп зерттеуді мақсат ететін ғылым.

Көркем мәтінге талдау жұмысын жүргізгенде осылардың ішіндегі эстетикалық қызмет негізге алынады. Жазушының сөздік қолданысындағы қазақ халқына тән мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, тұрақты тіркестер, еркелету, жекіру сөздері сөздерді, ұйқастыра сөйлеу арқылы, соған сәйкес грамматикалық категорияларды қолдануы оның дискурсын қалыптастырып, соның негізінде ақын-жазушының шығармаларында белгілі бір мақсатты орындау үшін мақал-мәтелді ұтымды қолдану шығарманың көркемдігін арттырып, оқырманмен, зерттеушімен байланысын нығайтады. Осыған орай жазушы қашанда сөз саптауда, ойын жүйелі жеткізуде оқырманның ойын, қабылдауын ескереді. Демек, көркем мәтінде қазақтың өзіне ғана тән танымымен ұштас ұлттық ділі, ғасырлар бойы елдің тұрмыс-тіршілігіне, табиғатына, тарихи жағдайларына байланысты қазақ халқының дамып,

қалыптасқан ұлттық мінезі, түсінігін айшықтайтын мақал-мәтелдерді қолдану шығарманың прагматикалық дiттеміне қызмет етеді.

Тiл дамуының әр кезеңінде ұлттық сөздік құрам көлемі мен мөлшері әртүрлі деңгейде болады, нақтырақ айтсақ ол, бір жағынан, жаңа ресурстармен толығып жатса, екінші жағынан, кеміп, азайып жатады. Мұны бақылап, реттеп отыру мүмкін емес. Оны сол тұста жарыққа шыққан дереккөздердің материалын сұрыптау арқылы анықтауға болады.

Жалпы А.Аккузованың ғылыми жұмысының нәтижелері салмақты көзқарастар мен тұжырымдарға ие. Жұмыста қолданыс тапқан ғылыми әдебиеттер мен дереккөздерінің сан алуандылығы мен орынды пайдаланулары байқалады. Кіріспе бөліміндегі жұмыстың мақсаты мен міндеттері және тұжырымдары негізгі бөліммен байланысқан. Яғни, алға қойылған міндеттері орындалып, өз мақсатына жете білді деп есептеймін. Сондай-ақ, ізденушінің өзіндік ой-пікірлері мен көзқарастары айшықты орын тапқан. Диссертацияны жазу барысында жариялаған мақалалары жұмыстың ішкі тараушаларында кең қарастырылды. Докторант өз бетімен зерттеу жұмысын толық игеріп, қызығушылықпен зерттеу жүргізді. Зерттеу тақырыбы күрделі болғанымен де А.Аккузова бұл мәселені толығымен орындап шықты.

Докторант жұмысында отандық ғалымдармен қатар, ресейлік және де шетелдік зерттеушілердің еңбектерін пайдалана отырып өз зерттеу жұмысын дәйектей алған. Зерттеу жұмысының бөлімдері арасындағы логикалық байланыс сақталған. А.Аккузованың тілі жатық, стильдік, орфографиялық қателер кездеспейді, ғылыми стилі қалыптасқан.

Талқылаудағы ескертпелермен жұмыс жасалды. Сондықтан да осыларды ескере келе, ізденуші А.Аккузованың «6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысын толық аяқталған дербес зерттеу жұмысы деп бағалап, қорғауға ұсынуға болады деп есептейміз.

Отандық ғылыми жетекші:
Филология ғылымдарының докторы,
профессор, А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының Бас ғылыми
қызметкері



Ж.А.Манкеева

